Первую – составляют дети, которые чаще всего используют агрессию как **средство привлечения внимания сверстников**. Их поведение направлено на получение эмоционального отклика от других. Такие дети активно стремятся к контактам со сверстниками. Получив внимание партнёров, они успокаиваются и прекращают свои вызывающие действия. У этих детей агрессивные акты мимолётны, ситуативны и не отличаются особой жестокостью. Их агрессия носит непроизвольный, непосредственный и импульсивный характер. Их враждебные действия быстро сменяются дружелюбными, а выпады против сверстников – готовностью сотрудничать с ними. Их агрессивные действия отличаются ситуативностью, наиболее яркие эмоции наблюдаются в момент самих действий и быстро угасают. По данным социометрического обследования, дети этой группы имеют весьма невысокий статус в группе сверстников. Их либо не замечают и не принимают всерьёз, либо избегают. Данные психологического обследования показывают, что они значимо отличаются от других (как обычных, так и агрессивных) следующим:

- низким уровнем интеллекта – как общего, так и социального;
- неразвитой произвольностью;
- низким уровнем игровой деятельности – они не умеют поддерживать игру и стремятся обратить на себя внимание, используя деструктивные действия и разрушая игру других.

Эти дети обычно игнорируют нормы и правила поведения, ведут себя очень шумно, демонстративно обижаются, кричат, однако, их эмоции носят поверхностный характер и быстро переходят в более спокойное состояние. Все это позволяет предположить, что в данном случае мы имеем дело с некоторым отставанием в общем психическом развитии ребёнка. Его обострённая потребность во внимании и в признании сверстников не может реализоваться через традиционные формы детской деятельности и в качестве средства самоутверждения они используют агрессивные действия. Этот вариант детской агрессивности можно назвать **импульсивно-демонстративным**, поскольку главная задача ребёнка – продемонстрировать себя, обратить на себя внимание.



Вторую группу составляют дошкольники, которые используют агрессию в основном как **норму поведения в общении со сверстниками**. У них агрессивные действия выступают как средство достижения какой-либо конкретной цели. Об этом свидетельствует, в частности, тот факт, что положительные эмоции они испытывают после достижения результата, а не в момент агрессивных действий. Деятельность этих дошкольников отличается целенаправленностью и самостоятельностью. При этом они стремятся к лидирующим позициям, подчиняя и подавляя других. Как правило, эти дети пользуются популярностью в группе сверстников, а некоторые выходят на положение «лидеров». Среди всех форм агрессивного поведения, у них чаще всего встречается прямая физическая агрессия, которая, впрочем, не отличается особой жестокостью. В конфликтных ситуациях они игнорируют переживания и обиды сверстников, ориентируясь исключительно на собственные желания. По результатам обследования, эти дошкольники обладают следующими особенностями:

- высоким уровнем интеллекта (как общего, так и социального);
- хорошо развитой произвольностью;
- хорошими организаторскими способностями, умением организовать игру;
- достаточно высоким уровнем развития ролевой игры;
- высоким социальным статусом в группе сверстников.

Дети этой группы хорошо знают и на словах принимают нормы и правила поведения, но постоянно нарушают их. При этом они оправдывают себя и обвиняют своих товарищей, стремясь избежать негативной оценки взрослого. Положительная оценка взрослого несомненно важна для них. В то же время они как бы не замечают собственной агрессивности. Их способ действия представляется им привычным, нормальным и единственно возможным средством достижения своей цели. Данный вид агрессивности детей можно назвать **нормативно-инструментальным**.

В **третью** группу входят дети, для которых нанесение вреда другому выступает как **самоцель**. Их агрессивные действия не имеют какой-либо видимой цели – ни для окружающих, ни для них самих. Они испытывают удовольствие от самих действий, приносящих боль и унижение сверстникам. Эти дошкольники используют в основном прямую агрессию, причём более половины всех агрессивных актов составляет прямая физическая агрессия. Обычно такие дети выбирают для своих агрессивных действий одну-две постоянные жертвы – более слабых детей, не способных ответить тем же. Чувство вины или раскаяния при этом совершенно отсутствует. Нормы и правила поведения открыто игнорируются. Отрицательные оценки окружающих не принимаются в расчёт. Для таких детей особенно характерна мстительность и злопамятность. Они долго помнят любые мелкие обиды и пока не отомстят обидчику, не могут переключиться на другую деятельность. Самые нейтральные ситуации они рассматривают как угрозу и посягательство на свои права.

По результатам психологического обследования эти дошкольники имеют:

- средние показатели интеллекта;
- произвольность в целом соответствует возрастным нормам;
- низкий социальный статус в группе сверстников – их боятся и избегают;
- уровень развития игры также находится на средних уровнях, однако их содержание часто носит агрессивный характер – все дерутся, мучают или убивают друг друга. Истязание других – детей или игрушек – приносит им своеобразное удовольствие.

Этот самый тяжёлый вариант детской агрессивности можно назвать **целенаправленно-враждебным**. К счастью он встречается достаточно редко (5-7 % детей).



Выделенные группы детей существенно различаются как по формам проявления агрессивности, так и по мотивации такого поведения.

Таким образом, в основе детской агрессивности может лежать различная мотивационная направленность: в первом случае – спонтанная демонстрация себя, во втором – достижение своих практических целей, в третьем – подавление и унижение другого. Однако, несмотря на эти очевидные различия, всех агрессивных детей объединяет одно общее свойство – **невнимание к другим детям, неспособность видеть и понимать другого.**

В ситуациях, выявляющих отношение к сверстнику, по всем показателям значимых различий между подгруппами агрессивных детей не обнаружено. Все они проявляют низкий интерес к сверстнику, неадекватные реакции на успехи другого (злорадство при его неудачах и протест против его достижений) и неспособность бескорыстно поделить или помочь другому. Подобный тип отношения к сверстнику оказался не связанным ни с уровнем развития игры, ни с самооценкой, ни с реальным положением ребёнка в группе сверстников. По-видимому, в основе такого отношения к другим лежит фиксированность ребёнка на себе, его внутренняя изоляция от других.

Другие люди выступают для него как внешние обстоятельства, которые либо мешают достижению его целей, либо не уделяют ему должного внимания, либо пытаются нанести ему вред. Сосредоточенность на себе, ожидание враждебности со стороны окружающих не позволяет таким детям увидеть и почувствовать других людей, поэтому для них недоступно сочувствие, сопереживание или содействие. Очевидно, что такое мировосприятие создаёт ощущение своего острого одиночества во враждебном и угрожающем мире, которое порождает всё большее противостояние и отдалённость от других, а значит враждебное отношение к ним. Степень такого восприятия враждебности может быть различной (она нарастает от 1-ой группы к 3-ей). Однако, её психологическая природа остаётся той же – внутренняя изоляция, приписывание враждебных намерений окружающим и невозможность видеть другого человека.

В то же время в дошкольном возрасте ещё не поздно предпринять своевременные меры для преодоления этих тенденций. Для таких детей, пока они ещё маленькие, будет очень полезна специальная коррекционная работа. Она должна быть направлена не на безопасный выход агрессии (эмоциональный катарсис, когда ребёнку разрешают бить подушки или мягкие игрушки), не на повышение самооценки, и даже не на развитие коммуникативных навыков или игровой деятельности, а на преодоление внутренней изоляции и формирование способности видеть и понимать других.

ЛИТЕРАТУРА

1. Киселева М.В., Кулганов В.А. *Арт-терапия в психологическом консультировании: учебное пособие.* – СПб.: Речь, 2014.
2. Кулганов В.А. *Психологические аспекты агрессивного поведения дошкольников // Дошкольная педагогика.* – 2015. – № 6 (111). – С. 52–54.
3. Кулганов В.А. *Коррекция агрессивного поведения детей // Дошкольная педагогика.* – 2015. – № 7(112). – С. 56–58.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАБАҚШАҒА ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ЕНГІЗУ



А. А. Тәуекелова
ҚР ПІБ МО Қарлығаш»
балабақшасы» РМК
жоғары санатты тәрбиешісі
Астана қаласы

Жобалау әдісін жүзеге асыру барысында балалардың бойында ізденушілік, ақпараттық, коммуникативтік, тұсау кесу білімдері мен дағдылары қалыптасып, балалар топпен жұмыс жасауға, бір-біріне көмек көрсете білуге үйренеді.

Кілт сөздер: жобалау іс-әрекеті, даму перспективалары, қиыстырылған әдіс, шығармашылық даму, монопәндік.

Жобалау іс-әрекеті — ол тәрбиешінің арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын, және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы.

Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Негізгі мақсат: балалардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын, өздігінен шешім қабылдауын ескере отырып шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау.

Жобалау іс-әрекетінің әдісі — мәселені жете зерттеу арқылы нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жоба әрекеті оқытудың мазмұндық бөлігін тапсырма жиынтығы арқылы балалардың зерттеу іс-әрекетін болдыруға себепші, оқытылатын мағлұматтарды қандай да бір іс-әрекет немесе өнім ретінде алып шеберлік пен дағдыны дамытады.

Жобалау іс-әрекеті — біріккен оқу-танымдық іс-әрекеттің ортақ

нәтижесіне бағытталған, ортақ мақсаты, қиыстырылған әдісі, іс-әрекет тәсілдері бар, балалардың шығармашылық және ойын іс-әрекеті.

Жан-жақты білім саласындағы мәселелерді шешетін «Денсаулық» жобасы «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным» сияқты бірнеше білім салаларының мәселесін шешетін жоба, яғни бір тақырыпты әр түрлі саладағы ұстаным бойынша қарастырылады.

Жобалау іс-әрекетінің тақырыбы келесі талаптарға жауап береді:

- 5 оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;

- тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариативтік бөлімімен сай келуі мүмкін;

- мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;

- жақын даму аймағында орналасуы тиіс.

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әр түрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады.

Балалар біріншіден ойлауға, ал содан



кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады.

Балалар жобалау әрекеті кезінде ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әр түрлі дерекнамалардан, кітаптар, кинофильмдер, интернет ресурстарынан мағлұмат жинайды. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет журнал айдарлары, альбомдар, шағын кітапшаларда, тақырыпқа сай лэпбуктарда жинақталады. Журнал «Біздің бау-бақша», «Жануарлар әлемі», «Су — өмір нәрі», Қызыл кітап (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдік түрлері мен жануарлар, құстар) туралы жинақта құрастырылады.

Жобалаудың белгілері:

- Қатысушылар құрамы (топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп)

- Ұзақтығы (қысқа мерзімді — 1-2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта; орта мерзімді — 1-3 ай; ұзақ — бір жылға дейін).

- Қызығушылық пен ықыластың тұрақтылығы. Тәжірибеде мектепке дейінгі білім беруде жобаның орындалуы мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына ықпалы мол. Қызығушылық 1-2 ұйымдастырылған оқу қызметінде немесе керісінше ата-аналардың қатысуымен жобаның жасалуына қарай ұзақ болуына байланысты.

Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді: дайындық, негізгі, қорытынды.

Дайындық (ұйымдастыру) кезеңінде тақырыбы, мақсаты, міндеті, мәселесі, уақыты және қоры анықталады. Жұмыстық жоспар жасалады, командалар құрылымы, жауапты адамдар тағайындалады.

Негізгі кезеңде — жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістеренгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (жобаның мақсатқа жетуі).

Қорытынды кезеңде жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің

бағалануы және түзетулері, қорытындылау.

Даму перспективаларын анықтау жобаның соңғы кезеңі — *жобаны қорғау*. Оған ата-аналармен кішкентай балаларды, жалпы қонақтар шақыруға болады. Дәл осы кезеңде жоба эмоциялық тұрғыдан қыза түседі және осы кезде оның әлеуметтік маңыздылығын да арттыру қажет. Жобаның не үшін, кім үшін жасалғанын және жалпы не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Қорғау өте жарқын болуы керек, онда әрбір баланың, әр ата-ананың, әр тәрбиешінің еңбегі көрінетіндей етіп ұйымдастыру абзал.

Жобаға қойылатын негізгі талаптар:

- шешімін іздейтін мәселенің болуы;
- жоба бұл байсалды ойын;
- бала дербестігі;
- ата-ана мен баланың ортақ шығармашылығы;

- білімді қолданыста пайдалану үшін мектеп жасына дейінгі балалармен өз ықыластарымен ұсынылған кішігірім жобалар алу қажет, сонымен қатар 3 нәрсеге көңіл аудару қажет:

- мектепке дейінгі баланың қызығушылығы;

- белсенділігі;
- дербестігі.

Жобалау әрекетінде тәрбиешінің принциптері:

- баланың серіктесі әрі оның өзін-өзі дамытудағы көмекшісі болу;

- сырттай бақылау, кеңесші әрі сарапшы болу;

- аз сөйлеп, балалармен көп іздену;
- сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік туғызу;

- ақпарат көздерін тауып, ұсыныстар жасап отыру;

- нәтижелерді бағдарлау;

- әр түрлі білім салаларының негізгі мағлұматтарын байланыстыру;

- балалардың белсенді әрекетіне жағдай жасау;

- деректерді көбірек білуге емес, алынған нәтиже мен орындалуын бағалау.

Жобалық іс-әрекет балабақшада зерттеушілікпен балалар тумысынан



зерттеушілер, олар шаршамайды, тырысады, аңғарғыш және әуес. Тек осы мүмкіншіліктерін жобалық іс-әрекетте қажет арнайы бағыттап пайдалану керек.

Іздестіру (зерттеу) бағыттары

- ой тастай білу;
- мәселенің ең жақсы шешімін таба білу;
- жетпей тұрған ақпаратты өз бетінше таба білу.

Ақпараттық бағыттар:

- ата-ана, тәрбиеші және бала өз бетінше ақпаратты іздеу;
- қажетті ақпаратпен бөлісу;
- бақылау күнтізбесіне күнделікті өзгерістерді енгізу (таңбалар).

Қарым-қатынастық бағыт:

- диалогқа қосыла білу (топтағы балалармен қарым-қатынасқа түсе білу)
- сұрақ қою;
- өз ойын айта білу;
- кикілжің жайттардан шыға білу;
- іс-әрекет үрдісінде ынтымақтастық орната білу;
- достарына көмек беру және олардан да көмек қабылдай білу;
- сұхбат алу;
- өз іс-әрекеті мен басқа балалардың атқарған жұмысына баға бере білу (дұрыс не бұрыс).

Қорытындылау бағыты

- жауабы толық емес тапсырманы қорытындылай білу;
- «Не үйрендім?», «Берілген тапсырманы шешу үшін не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап беру;
- Мәселені түсіну.

Күтілетін нәтиже:

- мектеп жасына дейінгі бала жобалау әрекетінде субъектіге айналады;
- іс-әрекет мақсатын бала тәрбиешімен бірге өзі анықтайды;
- мәселені шешуде көбірек таңдай алады, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне белсенді қатысады;
- мүмкіншілігінің көптігі (тәжірибе жасап көреді, жаңа нәрселерді таниды);
- тапсырманы орындауда жауапкершілік жүктейді және уақытын бөліп пайдалана біледі;
- жобалық іс-әрекеттерді пайдалану мектепке дейінгі тәрбиелеу білім беру үрдісі саласында көптеген тапсырмаларды шешеді;
- мектеп жасына дейінгі баланы орындаушы емес, іскер етіп тәрбиелеу мүмкіншілігін береді;
- әр бала өзіне ұнайтын іс-әрекетті жасап, өзін шығармашыл жеке тұлға етіп көрсете алады.

ӘДЕБИЕТ

1. Білім беру ұйымдарының мектеп алды топтарының тәрбиешілеріне және мектеп алды сыныптарының педогогтарына арналған әдістемелік құрал. Алматы «Бөбек» ҰҒПББСО, 2006.

2. «Балалардың тілін дамыту», Алматы, Атамұра 2002жыл.

3. Қалиева Т. «Балалардың зерттеу қасиеттерін дамытудың негіздері» Алматы, 2001.

4. Журавлева В.Н. «Проектная деятельность старших дошкольников» Пособие /В.Н. Журавлева. –Волгоград: Учитель, 2011.-302с.

5. Ғаламтор сайттары.





БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Г.Б. Дихамбаева

Қызылорда облыстық
оқу орталығы
директорының орынбасары
Қызылорда қаласы

Мақалада «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұнына сәйкес сурет салу оқу қызметінің мақсат, міндеттерін тиімді әрі жаңаша жүзеге асыру жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: эстетикалық талғам, шығармашылық әлеует, көркемдік-графикалық техника, ынтымақтастық дағдылары.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқыту ұғымы егіз, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізіледі. Аталған деңгейдегі білім беру стандартында «Шығармашылық» білім беру саласы балалардың негізгі құзыреттіліктерін айқындайтын салалардың бірі болып есептеледі. Ондағы жүктелген міндеттерге сәйкес педагог балаларды өнер әлеміне баули отырып, олардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру тетіктерін әзірлейді. «Кішкентай қиялшылдардың» байқағыштық қабілеттерін бейнелеу өнерінің сан алуан түрлерін таныстыру негізінде дамытады. Ол үшін жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолданады. Міне, осы тұста тәрбиеші еңбегінің нәтижесі мен іскерлігі шығармашылық тұрғыда көрінеді.

Ұлы ғұлама бабамыз Әл-Фараби жас ұрпақтың эстетикалық ұғымы мен сезімін қалыптастыруда үш нәрсені негізге алған екен: баланың ішкі ынта-ықыласы, оның құмарлығы мен табиғи қабілеті, ұстаздың шеберлігі және тәрбие үрдісінің алатын орны. Олай болса, мектепке дейінгі ұйымдарда сурет салу, мүсіндеу, жапсыру оқу іс-әрекеттерін әдістемелік тұрғыда дұрыс, әрі жаңашылдықпен ұйымдастыру маңызды. Содан соң ғана, әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуеттерін дамыту принциптері көзделеді.

Бейнелеу өнерінде балаларға объект беріліп, олар оны түстер арқылы түрлендірген кезде балалар фантазиясына шектеу қойылмайды. Олар көркем бейне арқылы қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін ашып, ой-өрістерін жаңаша байытады. Шығармашылық құзыреттілік көркем құралдармен жеке көркем образдар жасауға мүмкіндік береді. Осы кезеңде ойын технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану өте тиімді десек болады. Мәселен, суреттерді қолдану арқылы объектінің түсін тапқызу, сиқырлы кітап әкелу, сызба ойын жаттығуларын жүргізу және т.б.

Сурет салу кезінде балалардың көркемдік талғамын жетілдіру маңызды. Себебі, берілген сурет мазмұнымен танысу арқылы олар әдемі құбылыстарды тамашалайды, оған тамсанады. Соның әсерінен қоршаған ортадағы әсемдік пен әдемілікті сезінуге мүмкіндік алады.

Бояу түстерін үйлесімділікпен таңдай білу іскерліктері дамиды.

Әдістемелік негіздемелерге сәйкес бейнелеуде іс-әрекет мәдениетіне тәрбиелеу міндеті қойылған. Мәселен, сюжетті сурет салу барысында ұжыммен жұмыс істеуге үйрету аса тиімді. Себебі, бірнеше заттардың суреттерін бір мазмұнға біріктіру кезінде балалардың ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру педагог үшін қолайлы болады.

Ұжыммен жұмыс істеуге үйрету барысында ата-аналармен бірлесіп әрекет ету маңызды. Себебі, балалар өздері салған суреттерге қарап қуанып, аяқталған жұмыстарының нәтижелерін көріп жатса, біздің ата-аналарымыз қойылған міндеттерге сәйкес балаларының әлеуетін байқап, бақылауға мүмкіндік алады.

Балалар шығармашылығы — өзін, өзінің мүмкіндіктері мен қоршаған ортаны танитын және оларға өзінің көзқарасын білдіретін ерекше әлем. Осы әлемді одан әрі дамыту үшін педагог жатпай-тұрмай ізденеді, түрлі эксперименттер жасайды, сондай-ақ, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізеді. Нәтижесінде балалардың көркемдік қабілеттері қалыптасады.

Қазіргі таңда сурет салудың дәстүрден тыс көркемдік-графикалық көптеген техникалары қолданылуда. Мәселен,

- «*граттаж*» — тырнақпен сурет салу,
- «*витраж*» — әйнекке сурет салу,
- «*эбру*» — суға сурет салу,
- «*трафарет*» — бастырып сурет салу,
- «*батик*» — матаға бояумен сурет салу, пробка, крышкалармен сурет салу,
- «*гризайль*» — қатты умаждалған қағазбен сурет салу сияқты тағы да басқа көптеген әдістері қолданыста.





Сурет салудың аталған әдістерін қолдану барысында бүлдіршіндердің ең алдымен аталған өнерге деген қызығушылықтары артады, өз-өзіне қызмет ету дағдылары қалыптасады. Сурет салудың түрлі әдістерін көрсету барысында тәрбиешінің кәсіби шеберлігі, технологиялық құзыреттілігі артады.

Аталған технология түрлері тәрбиешінің шығармашылығын жетілдіре отырып, оқу іс-әрекетін жаңаша өткізуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру, әлеуетін дамыту міндеттері жүзеге асырылады. Олай болса, үздік отандық және әлемдік әдістерді енгізуде батылдық танытып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыруға үлес қосайық.

Әдебиет

1. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
3. Жұмабекова Ф.Н., Левченко Т.А. Мектеп жасына дейінгі балаларға бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру әдістемесі
4. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту технологиясы
5. Сакулина И.П., Комарова Т.С. Бейнелеу іс - әрекеті мен конструкциялауды үйрету методикасы //А.»Мектеп «1985 ж
6. Косминская В.Т., Васильева Е.И. Балабақшадағы бейнелеу іс -әрекетінің теориясы мен методикасы //А.»Мектеп «1983 ж.



МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНА КЕЛЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫСЫНАН БЕЙІМДЕЛУ ЖОЛДАРЫ

А. Оспанова

мектепалды даярлық сынып мұғалімі
С.Сейфуллин атындағы №5 орта мектебі
Степногорск қаласы
Ақмола облысы

Мектепалды даярлық мәселесі қайта жандандырылуда. Мектепке оқуға қабылданар баланы мектептік болмысқа ендіру, толыққанды оқу әрекетін қалыптастыру – мектепке дейінгі өтпелі кезеңге тән психикалық дамудың барлық жиынтықтарымен тығыз байланысты.

Мақалада мектепалды даярлық мәселелері бойынша ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасала отырып, баланы мектепке әлеуметтік-психологиялық жағынан даярлаудың маңызы қарастырылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік-психологиялық бейімделу, биологиялық кемелдену, ерік сапаларының қалыптасуы, эмоционалдық даярлық, «МЕН».

Мектепке алғаш бару – бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізе отырып, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеліп қоймай, оны оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыруы қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да, балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылу қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Кешегі үйдегі ойын баласы мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оқушы атанады. Мектепке барып, оқушы атануы — бала өміріндегі болатын үлкен өзгеріс, жаңа қоғамға ену, өзіне жаңа міндеттерді жүктеу, жаңа ортаға бейімделу, қарым-қатынаста болу, яғни жетілу, даму сатысы болып табылады. Ендеше, бала психикасы да өзгерістерге ене отырып, ішкі эмоциялары қалыптаса бастайды, түрлі қызығушылықтары оянып, өзінің орнын бағалауға бейімделеді. Бала мектеп табалдырығын аттағалы оның өмірі түбегейлі өзгеруде — оқу қосылады, ал араласу шеңбері сыныптастарының арқасында едәуір кеңейеді. Бұл өзгерістерді кішкентай адам қалай қабылдайды? Жаңа жағдайларға қаншалықты тез және жақсы бейімделіп жатыр? Жаңа білімдерін табыспен меңгеру, өз қабілеттерін дамыту және мұғаліммен, балалармен қарым-қатынас жасау қолынан келе ме? Бұл сауалдарға үстірт жауап қайтару қиын. Сондықтан, баланың жалпы мектепке бейімділіктерімен қатар аса маңызды кейбір жеке сипаттарын талдаған дұрыс.

Әлеуметтік-психологиялық икемделуге жатады:

- Белсенді түрде бейімделу процесі;

- Келесі өмірлік әрекетті сәтті түрде қамтамасыз ететін тұлғаның біліктері мен дағдылары және қасиеттер жүйесі.

Бейімделу – баланың ол үшін жаңа болып табылатын мектеп өміріне, талаптар мен қадағалаудың жаңа жүйесіне, жаңа ұжымға енуінің көп факторлы үрдісі. Баланың мектепке бейімделуіне жағымды және жағымсыз түрде не әсер ете алады? Алты жасар баланың мектепке дейінгі және мектеп аралығындағы жағдайының өзіндік психологиялық ерекшелігін анықтау болып табылады. Танымдық іс-әрекет түрлері



жас ерекшеліктеріне сай дамығанын анықтау. Баланың танымдық қызығушылығын білу — бала жан-дүниесіне билік жүргізудің жолы.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.

Баланың мектепке баруы дегеніміз — оның бейтаныс жерге тап болуы. Мектепалды даярлық сынып балаларында құрдастарымен қарым-қатынасқа деген мұқтаждық әлі қалыптаспаған, бірлесіп ойнау дағдылары әлі дамымаған. Алғашқы күндері балада ауыр жағымсыз әсерлер қалдыратын жағдайлар болғандықтан, ол әрі қарай мектепке баруға қарсылық көрсетеді, жылайды, психосоматикалық науқастанады.

Белгілі орыс психологтары А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады.

Е.Е. Кравцова мектептегі оқуға психологиялық даярлығы бұл баланың дамуында «қарым-қатынас» негізгі ролді атқарады деген тұжырымға келді. Ал Л.И. Божович мектепке келетін баланың таным қызығушылықтары дамыған, әлеуметтік ортаға ене алу білігі және оқуға деген ынтасы болу қажет деген пікірге келді.

Мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары Б. Баймұратова, Қ. Сейсенбаев, Н. Айғабылов, Б. Дабылова еңбектерінде біршама зерттелгені белгілі. Дегенмен, мектептегі оқуға даярлау мәселесі әлі де өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. И. Шванцар, Л.И. Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзеге асыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды. Ал Е.Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1-бағыт — балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2-бағыт — мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3-бағыт — оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4-бағыт — баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

1. Ақыл-ойының даярлығы.

Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез-келген бала жазып және санаумен қатар, ең маңыздысы, салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі-әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады.

Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өз бетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар әрі бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, баланың оқуда білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

2. Биологиялық кемелденуі.

Мектептегі оқу әрекеті — бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап, жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруға дағдылануы қажет. Алайда кез-келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Сондықтан



баланың денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 6-7 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге көру, есту, моторикасының дамуы және жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын жатқызуға болады.

3. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы.

Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге, бала мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиеттердің қалыптасуы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек. Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал, кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, ұжымнан тыс қалып, жалғыз жүреді. Сондықтан баланың ұжымда өзіне тиісті орын алуы, оның қарым-қатынасына әсер етеді.

4. Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.

Бұл баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі. Сонымен бірге баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш жұмсай білуі, қиындықтарды жеңуі баланың психологиялық үрдістердің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Егер баланың мектептегі оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, баланың оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгілердің негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінің өзінеу жағымсыз эмоция сезініп, қорқыныш пайда болады. Осыдан келе нашар оқитын балалар пайда болады. Сонымен бірге баланың көңіл-күйінің болмай, себепсізден жиі ауыруы мектеп невроты сипатында көрінеді, яғни мектепті еске алса болғаны жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессогендік факторға айналып, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады.

Жалпы, тәжірибеге сүйенгенде, баланың оқығысы келмеуі мына жағдайларға байланысты болады:

1. Мектеп алдындағы қорқыныш. Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады; («Мектепке барасың, сонда саған көрсетеді»);

2. Оқу үрдісінде және қарым-қатынаста қиындыққа кезігуі;

3. Мектептің өміріне бейімделе алмауы;

4. Мектеп өмірінің шынайылық қиындығымен кезіккенде, баланың көңілінде мектепке деген жағымсыз қатынастың пайда болуы;

5. Мұғалімнің өзіне тән психологиясына үйрене алмауы.

Мектеп өмірі баладан эмоционалдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе, ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету қажет.

Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс және бұл үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы - ата-



ананың, мұғалімнің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі.

Кез-келген ата-ана баласының өсіп-жетілуінде, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл-ойы мен дене құрылысы жағынан жан-жақты даму дәрежесіне жеткізуге баулиды. Мұғалім баланы оқуға дайындауда ата-анасымен бірлесе отыра жүргізеді. Оларға іс-әрекеттің мазмұны өзгерген кезде баланың мінез-құлқы да, ішкі психикалық өмірі де өзгертетінін және осы кезде баласына аса қажет екендігі түсіндірілуі керек. Мысалы, жазу дағдыларын меңгертуде ата-ана баланың әрбір жетістігін мақтап «Сенің қолыңнан келеді, біз көмектесеміз», «Сен істей аласың» деген сенімділік сөздерді жиі айту қажет, өйткені қуатты сөздер баланың табысқа жетуіне әсерін тигізеді. Баланың сөйлеуін дамытуда сурет бойынша сөйлем құрастыртып, ертегілерді немесе әңгімелерді оқып, кітаптағы суреттерге зейін қойып қарауына аса мән беру және «Мына суретте не бейнеленген? Адамдардың аты кім? Олар не істеп жатыр?» деген сұрақтарды қою арқылы кітапқа қызығушылығын арттыруға болады. Ата-ана баласын санауға үйретуде «Үстелде неше кесе? Суретте неше доп? Киімде неше түйме?», - деген сұрақтар қойып баланы санауға жаттықтыруға болады. Мектепке дейінгі баланың оқу материалын меңгеруде, кеңістікті және уақытты қабылдай алуы маңызды рөл атқарады. Сөйтіп, бала мектепте оқудың жаңа жағдайларына еркін ене алатындай дайындықтан өтеді. Мектепке дайындық баланың үйлесімпаздылығынан туындайтын кезде оңтайлы мүмкіндіктері арқылы жан-жақты тәрбиеленуі мен дамуын талап етуі бала оқу және тәжірибе мәселесін шешу үшін өзіндік білімін пайдалануы, танымдық әрекеттері мен ойлануы жеткілікті даму деңгейіне көтерілуі тиіс.

Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің есігін ашқаннан кейін, баланың өмір сүру тіршілігін түбегейлі өзгертеді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада «МЕН» дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне алуы, баланың білімді, табысты және нәтижелі игеріп кетуіне ықпал жасайды. Түйіндей келе, бұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуы және ақыл-ойының, таным үрдістерінің дамуы болып табылады. Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өзектілігін жоғалтпайтын әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кравцова Е.Е. *Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе.* - М., 1991.
2. Мухина В.С. *Детская психология.* - СПб., 1992.
3. Овчарова Р.В. *Практическая психология в начальной школе.* - М.: ТЦ Сфера, 2002.
4. Рогов Е.И. *Настольная книга практического психолога в образовании.* - М., 1995.
5. Чейпи Дж. *Готовность к школе: Как родители могут подготовить детей успешному обучению в школе / Пер. с англ.* - М.: Педагогика – Пресс, 1992.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ



А. С. Ережесбаева
№35 «Ер Төстік»
балабақшаның меңгерушісі
Жамбыл облысы Тараз қаласы

Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыруда балабақшада құрылған әдістемелік бірлестіктің жұмысы мен инновациялық технологиялардың тиімділігі туралы жазылған.

В статье представлен опыт работы методических объединений в реализации Типовой программы дошкольного воспитания и обучения и эффективность применения инновационных технологий.

The article is devoted to the work with educational standards in using innovative technologies in kindergartens.

***Кілт сөздер:** Үлгілік оқу бағдарламасы, балабақшадағы әдістемелі бірлестіктер жұмысы, инновациялық технологиялар, футбол, анималотерапия.*

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы кезде игерген баланың рухани байланысы өмір бойына із қалдырып, оның дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себептен де мектепке дейінгі ұйымдарда баланың тәрбиесі мен біліміне үлкен мән беріліп, бүлдіршіндерге тәлім-тәрбие беретін мамандарды даярлау мен балабақшаларды көбейту ісіне мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде.

2016-2017 оқу жылынан бастап республикада жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу бағдарламасы енгізілді. Жаңа бағдарламаның тиімділігі барлық топтарда берілген білім мазмұны, күтілетін нәтижесі, I және II жартыжылдық бойынша бөлініп, жас ерекшеліктеріне сай жүйеленген. Әр білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балаға меңгертілетін білім мазмұны бірізділік, нақтылық принципі бойынша құрылған. Үлгілік оқу бағдарламасы педагогикалық үрдісті сауатты түрде жоспарлап, ұйымдастыруға, инновациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Үлгілік оқу бағдарламасында қойылған міндеттер мен талаптар балалардың ой-өрісінің, танымдық қабілеттерінің қалыптасуына, әлеуметтік дамуына мүмкіндік ашады.

Ортаңғы және ересек топтарында жаңадан енгізілген «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың шығармашылық және тілдік-коммуникативтік дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Театрландырылған іс-әрекетте түрлі жанрлар (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры), драматизациялық ойындар арқылы кейіпкерлердің әрекеттерін, мінез-құлқын сахналайды, мәнерлеп жеткізеді. Театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру баланың дүниетанымын қалыптастырып, қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білуге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, үлгілік оқу бағдарламасына ерте жастан бастап қосылған «Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметі балаларға қоршаған орта, табиғатпен таныстыруға мүмкіндік береді.

Осы талқыланып отырған үлгілік оқу бағдарламасы біздің эксперименттік алаң қатарындағы балабақшамызда арнайы зерттеліп, зерделеніп, сынақтан өткізілді.

Үлгілік оқу бағдарлама талаптарын жүзеге асыру мақсатында педагогтардан әдістемелік бірлестік құрылды.

Әдістемелік бірлестіктің мақсаты:

- жаңа бағдарламаны жүзеге асыруда педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру;



- жаңа бағдарлама мазмұнын жүзеге асыруда инновациялық технологиялар қолдану;

- бәсекелестікке қабілетті белсенді ұжымның жұмысын ұйымдастыру;

- тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері мен жолдарын анықтап, балаларды жан-жақты дамытуға жағдай жасау.

Әрине, мұндай инновациялық бастаманы жүзеге асыруда әдістемелік бірлестік жетекшілері мен педагогтарға бағыт-бағдар беретін ғылыми жетекші тағайындалды. Жұмыстың ғылыми аспектісі мен әдістемелік тұрғыда негізделуі, әдістемелік бірлестік жұмысының ережесі мен жұмыс бағытын анықтайтын жоспар құрылды, бірлестік мүшелерінің қызметтік міндеттері жасалды.

«Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет», «Денсаулық» білім беру салаларының әдістемелік бірлестіктері үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын толық талдап, бұрынғы бағдарламамен салыстырып, зерттеп, зерделеді.

Жаңа бағдарламаны қолдануға тиімді деген инновациялық технологияларды іріктеп, жаңа әдістердің элементтерін саралады. Атап айтқанда, ақпараттық-коммуникативтік, жобалау, денсаулық сақтау, ойын, ТРИЗ технологияларының элементтері мен арт-терапия, этнопеддагогика әдістері кіріктірілген жұмыс жоспарын жасады.

Осы тұрғыда педагогтар флипчарт оқу қызметі мен шебер сыныптар, түрлі іс-шаралар өткізіп, әдістемелік нұсқаулықтар мен хрестоматиялар әзірледі. Қазіргі таңда осы оқу-әдістемелік құралдар апробациядан өтуде. Әдістемелік бірлестікте педагогтар өзара іс-тәжірибе алмасып, шебер сыныптар өткізді, семинарлар мен коучинг, тренингтер, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырды. Әр тоқсан сайын атқарылған жұмыстарға есеп беріп, бір-бірінің жаңалықтарымен, ақпараттармен бөлісіп отырды, әр бірлестіктің педагогтары үнемі шығармашылық ізденісте болды.

Осы оқу жылында әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарына Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай балалардың бос уақытын ұйымдастыруда үйірме жұмыстарын жүргізу міндеттелді. Драма ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жоспарға қосылғаннан кейін балабақшада «Ақылды қуыршақтар» үйірме жұмысы ашылды. Үйірме жұмысы барысында балалар сюжеттік-рөлдік ойындарды ойнауды, ертегілерді

сахналауды, мәнерлеп оқуды үйренді.

«Коммуникация» білім беру саласында балалардың сөйлеу мәдениетін дамытуда қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тереңдетіп оқытуға көп көңіл бөлінді. Балабақша педагогтары балаларға ағылшын тілін меңгертуде лингофондық құрылғыларды, интерактивті тақтаны қолданып, ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізеді. Балабақшада балаларға тілдерді жеңіл үйренуіне барлық қолайлы жағдайлар жасалған. Мысалы, «ABCD» ағылшын тілі, «Расскажу сам» орыс тілі, «Тәтті тіл» қазақ тілі үйірмелері жұмыс жасайды. Үйірме жұмыстары арқылы педагогтар дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен балалардың үш тілді меңгеруіне қызығушылығын арттырады, үш тілде сөйлеу дағдысын меңгерген шығармашыл, тілдік-коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан тұлғаны тәрбиелейді.

Осы күнге дейін «Коммуникация» білім беру саласының әдістемелік бірлестігі жылдық жоспарға сәйкес «Балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту жолдары» тақырыбында балабақша педагогтарына арналған оқыту семинарын, «Коммуникация» білім беру саласында қолданылатын инновациялық ойын түрлері» тақырыбында педагогикалық ринг, «Балалардың тілін дамытуда қолданылатын дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер» тақырыбында шебер сыныптар ұйымдастырды. Әдістемелік бірлестіктің мүшелері «Коммуникация» білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметтерінің әдістемелік нұсқаулығы мен хрестоматияларын әзірлеп, «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталық әзірлеген ойындарды қолданып, флипчарт оқу қызметтерін ұйымдастырды.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда «Шығармашылық» білім беру саласының әдістемелік бірлестігі арт-терапия технологиясын жан-жақты зерттеп, оқу үрдісінде қолдануда. Қабілетті балаларға арналған «Шебер қолдар» үйірмесінде балалар дәстүрден тыс технологияларды қолданып, әр түрлі тақырыптарда суреттер салып, ұлттық бұйымдарды жасайды. Педагогтар оқу қызметтерінде құм терапиясын, саусақ-живописі, музыка және ертегі терапиясын жиі қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда.

Педагогтар оқу қызметтерде

денсаулық сақтау технологиясының фитбол ертегілері мен анималотерапия элементтерін қолданып, балаларды шынықтырады. Дене шынықтыру жетекшілері «Ұлттық қимылды ойындар» үйірмесін жүргізіп келеді.

Үлгілік оқу бағдарламасын апробациядан өткізу барысында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігі туындады. Балаларды интеллектуалды, шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыруда материалдық ресурстарды жетілдіру, қосымша кабинеттер мен орталықтарды жабдықтауға түрткі болды. Атап айтқанда, «Арт-терапия», «Сенсорлық даму орталығы», «Ұлттық таным орталығы», «Тілдік-танымдық шеберхана» лингофондық кабинеттер, психологиялық, логопедиялық кабинеттер жаңа жабдықтар мен құралдармен жасақталды. Балалардың интеллектуалдық және шығармашылық кабинеттерін жетілдіруге арналған интерактивті тақта, лингофондық құрылғылар, үш тілде сөйлейтін сиқырлы қалам, балалар ноутбуктары, планшеттер, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілді. «Су асты патшалығы», «Құс ауласы», «Жол ережесін білейік, аман есен-жүрейік» орталықтары балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне сай жабдықталды.

Осындай әдістемелік жұмыстардың нәтижесі бойынша біздің № 35 «Ер Төстік» балабақшасы 2016 жылы республикалық «Қазақстан патриоты» журналының ұйымдастыруымен өткен «Үздік қалалық балабақша» байқауына қатысып бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы 2016 жылы «Ханталапай» интеллектуалдық республикалық байқаудан «Ең үздік бейнематериал» және «Ең үздік фотоколлаж» номинациялары

бойынша облыстық кезеңнен I жүлделі орынды иеленіп, республикада Алғыс хаттармен марапатталды. Нәтижелі еңбегі үшін балабақша меңгерушісі А.С. Ережепбаева 2016 жылы «Лучшие люди. Лучшие в образовании» атты Үлкен Халықаралық Энциклопедиясына еніп, медаль және дипломмен марапатталды.

Қорыта келгенде, Үлгілік оқу бағдарламасы еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа мазмұны, жаңа бағыты, жаңа бастамасы ретінде жаңа серпіліске жол ашады деген сенімдемін. Осы әдістемелік бірлестікті құрудың нәтижесінде заман талабына сай тәрбиеленушілерді үш тілде оқытып, жан-жақты білім беріп, кіріктірілген оқу қызметтерді ұйымдастыру мүмкіндіктеріне жол ашылды. Инновациялық технологияларды ұйымдастырылған оқу қызметтерде қолдану — бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты - Астана, 2016 жыл.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы - Астана, 2016 жыл

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 даму бағдарламасы» // Егемен Қазақстан. 2012 ж

4. Ф. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» Астана-2012. 329 б

5. Б. Баймұратова «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы» А - «Рауан»-1991

6. Қ.Ж. Бұзаубақова «Жаңа педагогикалық технология» А., 2004





ТӘРБИЕШІ МЕН АТА-АНАЛАР АРАСЫНДА ЖАҒЫМДЫ ӨЗАРА
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДЫҢ МАҢЫЗЫ



А. Қ. Таубаева
№50 «Жұлдыз» балабақшасының
педагог-психологы
Астана қ.

Педагог пен ата-ана арасындағы құзіреттілікті арттырудың негізгі алғы шарттары - тәрбиешінің топ ата-аналарының құрамын зерттеуі, ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Бұл үштік одақ (бала, ата-ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру болып табылады. Демек, бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты педагог пен ата-ананың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып, бірлесе жұмыс жасау қажет. Әрбір педагог тарапынан ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа әдістерді пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттырған жағдайда ата-ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы арта түседі.

Кілт сөздер: *тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас, педагогикалық ұжыммен ынтымақтастық, мінез-құллық стереотипі, ата-ананы есімімен айту.*

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты педагогтар мен ата - аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің бірден бір міндеті болып табылады.

Баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата-ана педагогикалық-психологиялық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс. Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата-аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады.

Ата-аналардың барлығы да жақсы, алайда тіпті нағыз керемет адамның өзі де өмірдегі ойлау стереотипіне байланысты білімінің жетіспеушілігінен (мысалы, жас ерекшеліктері), тәжірибесінің аздығынан қателесуі мүмкін. Сондықтан, кейбір жағдайларда ата-аналар өздерінің пікірлерін жалғыз дұрыс пікір деп санап, ешкімді тыңдағысы келмей, мәселеден бастарын аулақ салып барлығы дұрыс деп көрсететіндері кездесіп жатады.

Бала үшін басты мәселе үнемі қолдары босамайтын және оған уақытының бір бөлігін киюға қолдары тимейтін жақын адамдар түсінбестігі болып табылады. Балалар көбінесе ықылас, қамқорлық, қолдау, мейірімді қарым-қатынастың тапшылығынан азап тартады. Алуан түрлі ата-аналар кездеседі, сол себепті олармен өзара қарым-қатынас құру барысында тәрбиешіге қиындықтар тууы мүмкін. Бала балабақшаға жалғыз келмейді, ол бізге өзінің ата-аналарымен және өзге жақын туыстарымен келеді. Балабақшаға келген кезде әрбір ересек адам кездейсоқ жүрген адам емес. Ол бала үшін белгілі бір ақпарат көзі болып табылады. Балабақша жайында ересектердің балаға айтқан ақпараты жағымды болған сайын педагог пен бала арасындағы өзара іс-әрекет үйлесімді болады. Бұл үрдіс екі жақты, сондықтан бала тарапынан жағымды қарым-қатынас ата-аналардың балабақшаға қатынасын және оның педагогикалық ұжыммен ынтымақтастығы сапасына әсерін тигізеді.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып, бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір педагог ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді,



қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата-ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Жас, жұмысты енді бастап келе жатқан тәрбиешілер мен ата-аналарымыздың арасындағы қатынас барысында өзара түсіністікке қол жеткізудің бірқатар жақсы танымал, кейбір жағдайда аңғармай жіберіп алатын тиімді тәсілдеріне көңіл аудару қажет. Сонымен, ата-ана балабақшаға жұмыс пен үй, тірлік пен қамқорлық әлемінен келеді, алайда оның көңіл-күйі әрқашан да шаттықта бола бермейді. Оны тәрбиешінің қалай қарсы алуының өзі олардың бұдан арғы диалогы дұрыс қалыптасуына әсерін тигізеді. Көптеген тәрбиешілердің үндемей келіп немесе немқұрайлы сәлем беріп қабағы түнерген ата-аналарды қарсы алуы ықтимал. Ата-аналардың осындай мінез-құлық стереотипін өзгертуге көмек көрсету аса маңызды.

Мысалы: Мұны төмендегідей жасауға болады: ата-ананың аты-жөні қалай екенін еске түсіріңіз, оны жылы шырай қалыпта елестетіңіз, күлімсіреңіз, оны сенімді түрде есіммен атаңыз, көзіне қарап тұрып сәлемдесіңіз. Сіздің балаңызды және оның ата-анасын көргеніңізге қуанышты екендігіңіз туралы сөзіңіз оның нәтижесін арттырады. Әрине, бірінші кезден бастап мұндай нәтижеге қол жетпеуі мүмкін, алайда тәрбиешінің шыдамдылығы мен табандылығы бірқатар уақыттан кейін ата-ананың мейірімді және ілтипатты қатынасы өзіндік үлесін алуға ұмтылатындығына себеп болады. Тәрбиешінің мұндай қарым-қатынасын көрген балалар тез арада жағымды сөздер айтуға дағдыланады және өздері де мейірімділік пен жылы шырайлықтың үлгісін көрсетеді.

Ата-анамен әңгіме барысында оны жиі-жиі есімімен атап айту пайдалы, өйткені осының өзі кез келген адамды қоршаған топтағы адамдардан ерекшелейді; ата-ананы есімімен айту тәрбиешінің оған мүдделі екендігін және ықыласпен қарайтындығын көрсетеді, бұл өзара қарым-қатынастағы қашықтықты сақтайды.

Енді ата-ана арасындағы маңызды диалог - көңіл қоя тыңдау жайында. Ата-ананың қандай болмасын пікір немесе сенімдерді айту барысында өзінің табандылығы мен артық негативін азайту үшін оны ықыласпен тыңдау қажет, бұл тәрбиешінің оған ата-ананың не айтып тұрғандығын нақты білдіруін көрсетеді.

Ата-анамен сындарлы өзара қарым-қатынастың тағы бір маңызды элементі - бұл тәрбиешінің жағымды ойды пайдалану қабілеті, яғни кез келген қалыптасқан жағдайдан жағымды нәрсе көру.

Кез келген жағдайда көңіл қоя тыңдау арқылы мейірімділік, жарқын жүзділік және құрмет таныта отырып, ата-аналардың алдында жағымды қасиеттерін аша отырып, сіз күнделікті мына қарбалас өмірде оған әдемілік пен жарқындықты көруге, кез келген қиын жағдайда пайдалы тәжірибе алуды, жылдам өтіп бара жатқан күндерден қуаныш пен бақытты сәттерді табуға және ләззат алуға мүмкіндік бересіз. Сіз оларға өз баласын сүйіспеншілік пен қолдау, түсіністік пен табыстылыққа деген сенімнің қоршауында өсіруіне жағдай жасайсыз.

Ата-аналармен тренинг-семинар ұйымдастыруын ұсынамын.

Тақырыбы: «Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас күзіндеттілігін арттыру жолдары».

Мақсаты: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдарға тарту, баланы тәрбиелеу мен дамыту үдерісінде өзара әрекеттерінің түрлі стратегияларын құру, отбасылық тәрбиені іске асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- педагог пен ата-аналар арасында ынтымақтасқан серіктестік құру, мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатыстыру;
- ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту;
- ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Қажетті құрал жабдықтар: семинар бағдарламасы, бала тәрбиесіне арналған жадынама, «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «Бала нені білсе ұядан - соны таныр қиядан», интерактив тақта, т.б.

Сабақтың түрі: семинар-практикум.



Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Бүгінгі сіздердің назарларыңызға ұсынылғалы отырған «Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас құзіреттілігін арттыру» семинар-тренингіне қош келдіңіздер!

Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парақ, ватман, қайшы, желім.

I. Танысу.

Ата-аналар өздерін гүлге теңеп, таныстырады. Мыс., Мен жайқалған қыр гүлімін.

II. «Менің қалаған түсім».

Қазір сіздер қобдишадан қалаған түстеріңізді таңдап, әр түске сәйкес топқа бөлінесіздер.

Қызыл, сары, ақ түстер

Таңдалған түстерді интерпретациялау.

Қызыл түс – энергия түсі, ол адамды іс-әрекетке итермелеп, үнемі жігерлендіріп отырады. Жоғары сенімді, жігерлі, мінез-құлқы батыл тұлға.

Сары түс – көңілді түс, адамдармен тез араласуға көмектеседі. Бұл түсті таңдағандар – іскер, мінез-құлқы мықты, жаратылыстану пәніне жақын.

Ақ түс – өз мақсатына жетеді, дарынды, әрі мәдениет саласында өнерлі.

III. «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы.

Жаңа инновациялық технологияны пайдалана отырып, ата-аналардың педагогикалық білімдерін арттыру.

Слайд арқылы жасырынған сұрақтарды тауып, тез жауап береді.

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиешісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
7. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
8. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
9. Балаңыздың ең жақын досы кім?

IV. Жағдаят.

Ата-аналар үстел үстінен үлестірмелі қағаздарды бөліп алып, ситуациялық көріністер қойып, жауап береді.

1. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер, Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?

2. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата - аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

3. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді катулы қабак, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?

Әр жауапқа рефлексия жасау: Сұраққа жауап беруде қиналдығыз ба, ұнаған кейіпкер.

V. Тынығу сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.)

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіңіздерші. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап - таза, жап - жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі - түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі.

Рефлексия жасау: Қандай сезімде болдыңыз.



ҮІ. Жүректен жүрекке.

Ата-аналар ақ параққа балаларына тілек жазып, гүлдің суретін салып, бояп, қиып ағашқа жапсырады. Гүлдестеге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

Тренингті қорытындылау. Қандай әсер алдыңыз?

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой - өлкесі. – деп Абай атамыз айтқандай балаларыңыз сіздерге тек қуаныш, шаттық әкелсін!

Тренингке қатысқандарыңызға көп рахмет! Үйлеріңізге әрқашан бақыт гүлі толсын!

ӘДЕБИЕТ

1. «Отбасы және балабақша» №5 (141) қыркүйек-қазан 2010 ж.
2. Байденко В. И. Выявление состава компетенций выпускников вузов как необходимый этап проектирования ГОС ВПО нового поколения: Метод.пособие. М., 2006.
3. Введенский В. Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. 2003. № 10.
4. Зимняя И. А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. 2003. № 5.
5. Конопкин О. А. Общая способность к саморегуляции как фактор субъектного развития //



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУДА
АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Қ. Ә. Дәулет

№13 «Балдырған»
бөбекжайының меңгерушісі
Қызылорда облысы

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбие негізінде ұмытылып бара жатқан аула ойындарын қайта жандандыру мәселесі көтерілген.

Кілт сөздер: ұлттық ойындар, ұрпақ тәрбиелеу, рухани байыту, асық ойнау, ата-аналарға саунама.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі, халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу екені белгілі. Соған сәйкес, тәуелсіз мемлекеттің келешегі жас ұрпағымызды бәсекеге қабілетті, білімді және денін сау етіп тәрбиелеу міндеті қойылып, ол бүгінгі күннің өзекті мәселесі болуда. Бұл мәселенің шешімін табу үшін үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Аталған талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы жұмыстың алғашқы сатысы — мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын жан-жақты арттыру, ұлтымызға тән қасиеттерді бойына сіңірген шәкірттерді тәрбиелеуден бастаған абзал.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Балдырған балаларымыздың дендері сау, дене бұлшық еттері қалыптасқан, батыл болып өсуі, мектепке дейінгі өмірі ата-аналармен бірлесе жүргізген жұмыстарға байланысты. Және біз, үлкендер, баланың өмірін мейірім мен шуаққа толтырып, органы рухани байытуымыз керек. Ал органы не рухани байытады? Ол — ойын. Ойын — балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салт-дәстүрін үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар.

Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттері қалыптасады. Баласыз ойынды, ойынсыз баланы елестете алмайтынымыз шындық. Өйткені, бала ойын арқылы жетіледі, айналасын таниды, тұлға болып қалыптасады.

Қазіргі кезде балаларды байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ептілікке, шапшаңдыққа баулитын «Аударыспақ», «Күлкі», «Кел, сақина кел», «Ақтерек, көксерек», «Тоғызқұмалақ», «Жұмбақ айтыс», «Асық ойнау» «Ақсүйек», «Ләңгі», «Ханталапай» сияқты ойындар көбіне таныс емес.

XXI ғасырда, технологиялық өрлеу дәуірінде өмір сүріп жатқан бала үшін бұл ойындар тас дәуіріндегі жабайылардың ойыны болып көрінуі де мүмкін. Кішкене балалардың да көшенің шаңын шығарып, улап-шулап жатқаны көрінбейді. Оның орнына «интернеттің игілігіне қанып, агенттің жілігін шағып, майын ішкен» балалар көп. Ал, бесікте жатқан баланың қолында — ұялы телефон не болмаса теледидардың пульті. Үнемі компьютердің алдында тесіліп отырудан, дене қимылының аз болуынан балалар арасында түрлі дерттердің өршіп бара жатқанын айтып, дәрігерлеріміз де дабыл қағуда. Бұрынғы ойындар көбінесе қимыл-қозғалысқа құрылса, енді орнынан тұрмай-ақ ойнай беретін пайдасынан зияны басымдау ойынның түр-түрі бар.

Қазіргі ата-аналар баласының не ойнап жүргенінен де хабарсыз. Байқағанымен, түсіне қоюы екіталай. Өйткені өзінің балалық шағында болмаған, көрмеген ойыны. Өзі ойнап көрмеген соң оның пайдасы мен зиянын да айыра алмайтыны анық. Иә, айтса айтқандай-ақ, қазір

асықтың не екенін білмейтін балалар көп. Бұрынғы Қобыланды Конанға, Алпамыс Суперменге, Ер Тарғын Бэтманға айналған. Үй бетін көрмейтін жүгірмектер үйкүшік бола бастаған. Енді ата-ана қайтпек?

Әрине, ол ойындардан баласын шектейтіні анық. Бірақ шектеу қаншалықты оң нәтиже әкелмек? Мәселенің мәнісіне тереңірек үңілсек, үлкендерге барып тірелетін сияқты. Өйткені немересі үшін жүрген жерінде асық жинап жүретін қарияларымыз азайды. Дүниенің бар сиқыры сонда ғана сияқты көрінетін алақандай темірге үніліп отыратын немерелерге «асық ойна» деп айта алмайтыны рас енді. Кезінде «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық-бауыр жеген озар» — деп ұрандатылды. Бірақ асық ойнаған азып кеткен жоқ, доп ойнап, тозып кеткен тағы ешкім жоқ. Керісінше, бүгінде балалар арасында компьютерде отырып жақыннан көрушілік басым. Алыстан көру қабілеті нашарлаған. Көзілдірікке тәуелділердің қатары көбейіп барады. Дәлдікті, мергендікті сынайтын мұндай ойындарды атам қазақ баяғыда-ақ шығарып қойған. Тек оның бүгінде босағада сығалап қалғаны болмаса...

Мамандардың айтуы бойынша, асық ойыны баланың көру қабілетін жақсартуға таптырмайтын ем көрінеді. Ой өрісін дамытуға да сеп. Одан қалса, ептілікке, есепке үйретеді. Асықты дәлдегенде ми тамырлары кенейіп, жұмысы жақсарады. Қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері оянып, миы тынығады. Қазақ баласының, онда да ауыл баласының асықтан кейінгі ойыны — ләңгі. Қойдың үлпілдеген жүнді терісіне қорғасын құйып, ләңгі етеді. Бір қарағанда, ләңгі мен доп тебу, асық атып, шыбық міну ауыл баласының ұлттық ойыны тәрізді. Ал қалалық бала мұндай ойын түрі бар екенінен хабарсыз, тіпті атын да білмейді. Ал ләңгі ойынында аяқ қимылы жақсара түседі. Өттең дегізгерлігі, ұлттық ойын ретінде ата-бабалар ардақ тұтқан асық пен ләңгі бүгінде ұмыт бола бастады. Заманына қарай ойын түрі де өзгеріп бұрынғы асықтың орнын боулинг пен гольф басса, әзірге ләңгінің орнын басатын ойын түрі табылмай тұр.

Ой өрісі дамып кеткен, іштен бәрін біліп туатын бүгінгінің балалары «counter strike»-ты ойнағанда алдына қара салмайды. Осылайша өзімен-өзі тұйықталып, өзге ешкімді жақтырмайтын, сөйлеу түгіл, ойлау қабілеті дамымай қалған ұрпақ өсіп келеді. Ал бұрынғының балалары болса, ептіліктің де, сөзаралықтың да түбін түсіретін-ді.

Балабақшада ата-аналар арасында «Сіз балалық шағыңызды қалай өткіздіңіз?» тақырыбындағы сауалнама нәтижесінде олардың 62%-ы ұлттық ойындар ойнағанын, 12%-ы кітап оқитындарын,

6%-ы кинотеатрға баратынын, 15%-ы ән тындайтындарын көрсетті. Содан соң, түрлі ұлттық ойындарды балабақшада өткізуді қолға алып, ол ойындарға жас ата-аналарды қатыстыру дәстүрге айналды. Соның нәтижесінде баланың бос уақыттарында қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша ата-аналарға кәсіби кеңестер беріліп, балалармен бірлескен ойындар жүйелі ұйымдастырылуда.

Ересек топтармен бос уақыттарын қалай өткізетіні туралы сауалнама жүргізгенде аула ойындарын 42%, теледидар көруді 20%, компьютер, ұялы телефон, планшеттермен ойнайтын балалар 38%, ал ойыншықтармен 10%-ы ойнайтыны анықталды.

Кезінде ойналатын ұлттық аула ойындарын қазіргі жас ата-аналардың қаншалықты ойнағандығы туралы сауалнама жүргізу барысында 58%-ы бұл ойындар таныс емес екені, 42%-ы асықпен, резеңкемен, доппен, тығылмақ, макушка сияқты ойындарды ойнайтындары анықталды. Сондықтан, балабақшамызда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай серуен кезінде, жаз айларында ұлттық аула ойындарын ойнатуға көп көңіл бөлінді.

Ұлттық аула ойындарын ойнату арқылы балалардың бойына батылдық, ептілік, қимылдың әдемілігі, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік мінездері қалыптасады. Осы ойын түрлерін қатарға қосып, қазақтың қара домалақтарына қайта ұсыну ұтымды нәтиже береді. Әр ата-ана баласына көңіл бөліп, ойын ойната білуді де меңгергені дұрыс. Өйткені, ойын да тәрбиенің бір бөлшегі.

Әдебиеттер

1. Раисова Ж. Н. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. — А., 2004 жыл
2. Беляева К. Ш. Дворовые игры наших родителей
МАДОУ ЦРР - 2014 жыл
3. Кочетков М. Уличные и дворовые игры. М. 2009 жыл
4. Балғымбаев М. Ұлттық ойын түрлері
А. 1985 жыл





АТЫРАУ ҚАЛАЛЫ
№6 «ГҮЛДЕР» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ КМҚК –
«ҮЗДІК МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ БАС ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ



МЕНГЕРУШСІ
БЕКТАБАНОВА ЖУМАКУЛЬ КЕНЕСОВНА

Г - гүлденген әлемде
Ү - үлгі болуға
Л - лайықты
Д - дәрежеде
Е - еңбек ететін
Р - рухани бай- балабақша

Басым бағыты:
балалардың көркем
эстетикалық тұрғыда
дамыту.

Мақсаты: баланың
жеке басының
адамгершілік,
шығармашылық,
физикалық мүмкіндігін
ашып көрсету



ИННОВАЦИЯЛАР БАЛАБАҚШАДА





БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІ





«Елін сүйген, Елі сүйген Елбасы»

БАЛАЛАРДЫҢ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ӨНІРЛІК (СЫРТТАЙ) БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай 2016 жылдың қараша айында «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы мен облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының ұйымдастыруымен республикада «Елін сүйген, Елі сүйген Елбасы» балалардың мәнерлеп оқу өнірлік (сырттай) байқауы өткізілді.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалар бойына Президентке және туған еліне сүйіспеншілік сезімдерін ұялату, патриоттық рухқа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың мәнерлеп оқу дағдыларын, шығармашылық әлеуетін дамыту;
- балалардың Қазақстан Республикасының Президенті туралы білімдерін кеңейту;
- талантты балаларды анықтау және қолдау;
- педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ету;
- балаға патриоттық тәрбие беруде ата-ана мен педагог арасындағы байланысты нығайту.

Байқау мектепке дейінгі ұйымдардың ересек топ балалар арасында өткізілді.

Байқау кезеңдері:

- 1) бірінші кезең – мектепке дейінгі ұйымдарда;
- 2) екінші кезең – аудандық (қалалық);
- 3) үшінші кезең – облыстық.

Байқау комиссиясы қатысушылардың орындауларын келесі критерийлер бойынша бағалады:

- тақырыпқа сәйкестігі;
- мәнерлеп оқылуы (дыбысталу тазалығы, дикциясы);
- әртістілігі;
- сахналық мәдениеті;
- орындаудың ерекшелігі, өзгешелігі (шығармашылық тұрғыдан орындау, АҚТ қолдану, костюм, декорация, музыка).

Аталған байқауға жалпы республика бойынша - 1347 мектепке дейінгі ұйым қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша Байқау комиссиясы жүлдегерлерді анықтады. Жеңімпаздар дипломдар мен грамоталармен марапатталады.

Республиканың әр өңірінен Бас жүлде иегерлерінің бейнематериалдары «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығында жинақталып, осы журналға фотолары жарияланып отыр.



Ақмола облысы



«Менің Президентім»

Мовсар Махмудов, Милана Тюлебаева
Атбасар ауданы Атбасар қаласы
№4 «Еркежан» балабақшасы

Ақтөбе облысы



«Елбасына алғыс»

Дарын Айдарбеков
Ақтөбе қаласы
№23 «Балауса» балабақшасы

Алматы облысы



«Нұр аға»
Әзизбек Назаров
Алматы облысы
Жамбыл ауданы
Ұзынағаш ауылы
«Ұлан» балабақшасы



Атырау облысы




«Нашему Президенту»

Санжар Николаев

Атырау қаласы

№30 «Жұмбақ» балабақшасы

Батыс Қазақстан облысы



«Менің Елбасым»

Милана Амиртаева

Орал қаласы

№7 ЖОББМ

Қызылорда облысы



«Елбасы»
Айару Бағдәулет

Қазалы ауданы
№21 «Алпамыс»
балабақшасы



Жамбыл облысы



«Елін сүйген, Елі сүйген Елбасы»
Ерасыл Болат, Аделя Алдан, Нүрдәулет
Қуатбекұлы, Айару Жұмағұл, Абзал
Мұхаметқали, Дидар Жетпісбай
 Жамбыл облысы Шу ауданы
 «Еркетай» шағын орталығы

Шығыс Қазақстан облысы



«Тұңғыш Президент»
Фариза Ғалымқызы
 Үржар ауданы
 «Ер Төстік» балабақшасы

Қарағанды облысы

«Нұрлы сұлтан - Нұрсұлтан»
Өркен Амантай
 Қарағанды қаласы №64
 ЖББОМ шағын орталығы
 «Ұлан» балабақшасы





Солтүстік Қазақстан облысы



«Біздің таңдауымыз - мәңгілік Тәуелсіздік!»

Арина Оренбергер

Петропавл қаласы «Нұр бөбек» бөбекжайы

Қостанай облысы



**«Первый Президент
Республики Казахстан»**

Владислава Косемук

Лисаковск қаласы

«Ивушка» бөбекжайы

Маңғыстау облысы

**«Елбасым -
мақтанышым»**

Аслан Сағын

Жаңаөзен қаласы

№17 «Балауса» балабақшасы





Оңтүстік Қазақстан облысы



«Тәуелсіздік таңы»
Ермухаммед Бакыт
Түркістан қаласы «Әлия» балабақшасы

Астана қаласы



«Нұр ата»
Мансұр Амангелді
№22 «Әлем» балабақшасы

Алматы қаласы



«Нұр аға»
Ахмет Темірәлі
№110 бөбекжай-балабақшасы

У казахстанцев есть новый механизм накапливать деньги на обучение детей с получением процентных бонусов от государства


Государственная образовательная накопительная система



С 2013 года в Казахстане начала функционировать Государственная образовательная накопительная система (далее - ГОНС).

Система позволяет каждому гражданину Республики Казахстан открывать на свое имя либо на имя ребенка образовательный накопительный вклад, который в будущем можно будет использовать на оплату обучения в колледжах и вузах Казахстана и за рубежом. Оператором данной системы является АО «Финансовый центр».

На сегодняшний день уже открыто порядка **13 000 образовательных накопительных вкладов**.



Особенности образовательного накопительного вклада:

- Премия государства, как вид дохода, не подлежит налогообложению;
- Образовательные накопительные вклады являются объектом гарантирования Казахстанского фонда гарантирования вкладов до 10 млн. тенге;
- Минимальный первоначальный взнос – 3 МРП (5 946 тенге в 2015 г.);
- Срок накопления – до 20 лет;
- Возможность получить образовательный кредит в банке под 100% гарантию государства в лице АО «Финансовый центр» МОН РК.

Премия государства и вознаграждение банка капитализируются и в целом доходность составляет от 15,5%, за счет чего вкладчик, приобретая услуги образования, экономит на расходах до 30-40%.

Для открытия образовательного накопительного вклада необходимо:

1. **ШАГ** – Выбрать один из банков-участников ГОНС;
2. **ШАГ** – Открыть образовательный накопительный вклад.
3. **ШАГ** – Внести первоначальный взнос.

Документы:

- удостоверение личности одного из родителей;
- свидетельство о рождении и ИИН ребенка.



www.rc-dp.kz
«Мектепке дейінгі балалық шақ» РММ
Астана қаласы, VIP-қалашығы, 3
Тел. 29 68 29, e-mail: rcdp_info@mail.ru

